

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ӘДЕБИ ЖӘНЕ АҒАРТУШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Халелова А. Б. – Орал қаласы, «Жоғары инженерлік-технологиялық колледжі» МЕББМ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

Мақалада көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы-педагог, жазушы Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиетіне қосқан үлесі туралы баяндалады. Ұлт көсемі Ы. Алтынсарин өзінің педагогтік, ағартушылық тұлғасымен қоса, фольклорлық мұраны жинау-жариялау саласында филологиялық бағыттың ықпалында қалып қоймай, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге әдеби мұраның ұлттық, халықтық, тарихилық сипаты туралы ұғымдар енгізді.

Түйінді сөздер: жазушы, ағартушы, педагог, әдеби мұра, қоғам қайраткері, тәрбие.

Аса көрнекті демократ-ағартушы әрі жазушы Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін дамытуда екі салада зор еңбек сіңірді: бірі – жазушылық қызметімен, екіншісі – ағартушылық қызметімен.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ тілін дамытудағы рөлі оның ағартушылық қызметімен тікелей байланысты. Ыбырайдың әдеби шығармалары, әсіресе прозалық туындылары оқу кітабы ретінде арнайы жазылған. Бұл тұста Ыбырайға екі түрлі жүкті тұңғыш рет арқалауға тура келді: бірі – қазақ әдебиетінде бұрын жоқ проза жанрын бастау, яғни қазақ әдеби тілінде бұрын болмаған шағын өңгімелер (новеллалар) стилін жасады, екіншісі – өз өлеңдері мен қазақтың ауызша тараған мол көркем әдеби үлгілерін оқушы жастарға ұсыну.

Ұлы даланың қыран дауысты дарабозы, ілім-білімнің қазынасы, ұлтының тілеуқоры Ы.Алтынсарин әдеби-мәдени, тарихи, ғылыми дәрежесі жоғары «Қазақ хрестоматиясын» (Орынбор, 1879, 111 бет) құрастырды. Ол «халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралдарына аса сусап отырғанына», «пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға», «біздің әрқайсысымыздың да борышымыз екенін» жете, жетік ұғына отырып, жанқиярлықпен қызмет етуіміз дұрыс дейді.

Сахара еліндегі білім беру жүйесі тарихындағы атақты хрестоматияда елтану, жаратылыстану, ел басқару өнегесі, жер тану, шешендіктану, шежіретану, дүниетану, тұлғатану, кәсіпшілік, өнер-білім, ұлттық тәлім-тәрбие, мінез-құлық жайында тапқырлыққа, тұспал-ишаратқа, даналыққа, ізгілікке, ұлттық рухқа құрылған мейлінше жинақы, мағыналы, қызықты тәмсілдер мен мысал өңгімелер жинақталған. Тақырыптық ауқымы да, тарихи-географиялық шеңбері де ауқымды кең. Араб, парсы, ағылшын, орыс, қазақ, француз халықтарының өмірінен таңдалып алынған дерек-мәліметтер бар. Мысалы, ағылшын елінің Броун дейтін білімдар ұстасы өрмекшінің өрмегін көріп, тіреусіз көпір салудың жобасын жасауы яғни дарияның үстіне екі ұзын шынжыр тартып, ортасына тақтай төсеп, екі жақ басына бағана орнатып көпір тұрғызған. («Зеректік»). Көре білу өнері, ой жүгірту, зейін-зердеге тоқудың әсері қандай.

Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» дейтін төлтума өңгімесінің көркемдік-пәлсапалық қырлары не деген бай, байтақ. Үш жолаушы бұлақ басында «Әй, жолаушы, болсаң осы бұлақтай бол!» дейтін жазудың шынайы мағынасын үш түрлі деңгейде түсіндіреді: 1) Сен де, адам, тынбай қызмет қыл, ешуақытта жалқауланып тоқтап қалма, сөйтсең, ақырында, сен де зорайып мұратыңа жетесің дегені ме деп білемін. 2) кім-кімге де болса даяр, рақаттандырады, сусынын қандырады, ақы дәмәтпейді, біреуге жақсылық істесең, ол жақсылығыңды ешкімге міндет етпе дегені-ау. 3) бұлаққа қарасаң, күн түссе күннің, шөп түссе шөптің сәулесін көресің, көңілің сол реуішті сыртқа ашық көрініп тұрсын дегені ме деймін.

Адамның жасағанын, істегенін екінші адам да жасайды. Табиғат адам баласына мол мүмкіндік, қабілет берген. Есті болу – мүмкіндіктеріңді жұмсай білу. Бұл ретте «жесірге байдай, жетімге атадай» «Лұқпан әкім» тәмсілінде «қол – жұмсау үшін, көз – көруге, құлақ – естуге, ақыл – ойлануға» жаралған дейтін ғибрат бар. Рухани жетілуге, кемелдік биігіне жеткізетін осынау жаратылыс дарытқан қасиеттер.

Ар-ожданға, рухыңа көркемдік әсері ерекше тағылымды тәмсіл-мысалдарды ақиқат пен әділдік семсерін мұқият ұстап, халықтың ойлау пәлсапасының, көзқарасының, дүниетанымының, мақсат-мұратының беломыртқасы еткен Ы.Алтынсарин әділдік турасында тебіренеді: «Петр патша және граф Шереметьев жаулап алған жерлерден жер беріпті-міс. Осындай жердің біреуі Рига қаласының бір бейкүнә адамына тиісті жер екен, барып патшаға шағымданыпты:

– Не күнәм бар, жерімді біреу алғандай? – деп.

Патша арызын тыңдап болып, айтты:

– Арызың дұрыс болса, тиісті қазыларға (сотқа) арызет.

Олкісіарызберді:

– Меньшиков деген князь жерімді тартып алды, – деп.

Қазылар арызын алып сұрап еді, Меньшиков жауап берді, ол жерді маған наградқа патша берді деп. Қазылар Петр патшаға да хабар беріп, патшаөзі де келді. Патшадан да жауап сұрап болып, ақырында қазылар:

– Петр патшаның бұлісі дұрыс емес, нахақ біреудің жерін наградқа беріпті, – деп, жерді иесіне қайтаруға бұйырысты.

Патша билігін естіп болған соң, түрегеліп қазылардың бетінен сүйіпті:

– Әділдіктеріңе Алла разы болсын, – деп және сол жерде айтты дейді:

– Законға мен мұнша көнгенімде, бөтендер көнбестік етуді ойынан шығарсын!» («Петр патшаның тергелгені»).

Ы.Алтынсариннің қай әңгімесін оқысаңыз да мазмұн, идея, тіл, стиль, ойшылдық жағынан мінсіз. Қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің шарттылықтары сақталынған. Жыраудың яки бидің тіліндей жұтынып тұр. Айталық, «Қара батыр» ертегісі бастан-аяқ тал жібектей өрілген, күйдей күмбірлеп төгілген жыр іспетті.

Ыбырайдың хрестоматиясы «Мәтубат» деген аталыммен 1889, 1896 жылдарда Қазан қаласында жарияланған. Сонан соң «Орыс тілін қазақтарға үйрету туралы бастауыш құрал» (Орынбор, 1879) еңбегі жарыққа шықты.

«Өнерлі өрге жүзеді» дейтін ел қағидатын ұстанып, руханият шырақшысы 1880 жылдың қаңтарында «Қазақ» газетінің 4 бөлімнен тұратын 1-ші нөмірін шығарды. Жалғастыруға отаршылдық саясат мұрша бермеді.

Ойшыл ұстаздың тізбек-тізбек жөңкілген замана көшінде көнермейтін, ескірмейтін ұлы, қуатты идеялары елдің, мемлекеттің, халықтың көркеюіне мәңгілік мағына дарытары сөзсіз. Олар:

«Халық мектептері үшін ең керектісі – оқытушы: тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды».

Ұстаздың аудиториямен байланысы хақында мынадай тұжырымды пайымдаулар өрбітеді: «оқушылардан оқығандарын қайталап сұрап отыру қажет», «балалармен сөйлескенде ашуланбай, жұмсақ сөйлесуі, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, мәнерлі сөз, орынсыз терминдерді қолданбау керек» («Ақтөбе екі кластық мектебінің меңгерушісіне нұсқау хат»).

Ұлтын, ұрпағын, топырағын кие тұту, өбіп-мейірленіп сүю, қылдың ұшында, ұстараның жүзінде жүрсе де, отарлық езгінің тұтқынына қамалса да, тұншықса да от жүрегімен, оман дария білімімен көркем қызмет жасау – Ыбырай Алтынсариннің машық-дағдысы. 1862 жылы Н.И. Ильминскийге жазған хатында «қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге» және шалағай молдаларға қарсылық көрсетеді, «таза қазақ тіліне жаратылыс тарихынан бір нәрсе аударған болар едім» деп ағынан ақтарылады. Тағы бір хатында (1862 жыл, 26 қаңтар): «Менің ойымша, көңілдің хошы, бақыт дегеннің бәрі де ата-бабаның өмір сүрген және жерленген жерінде, туған ошағыңның басында жақсырақ, ал қайғы дегеннің қандайы да, тіпті, ажалдың өзі де сол жерде жеңіл болатын сияқты». Сондай-ақ өзінің ұстанымын, мұрат-мақсатын, рухани сұлулыққа жету арманын былайша мәлімдейді: «Мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын», «жақсы адамдармен таныс болу, өзімнің ақыл-ойымды, білімімді арттыру – мұның бәрі де менің сағат сайын ойлайтын ойым еді».

Қазақ даласына жетекшілік бағытта ықпал жасай бастаған Еуропа және орыс мәдениеті мен әдебиеті, оқу-білім мен ғылым жаңалықтары ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің жандана түсуіне шешуші рөл атқарды. Ағартушылық идеяның күшейе түсуі, эстетикалық талап-талғам мен таным-біліктің өсе түсуі, алғашқы қазақ баспасөзінің пайда болуы, жазба әдебиеттің қалыптасуы, әдеби мұраны жинау, жариялау, бастырып шығару жұмыстарына игі әсер етті. Ыбырай көзқарасы фольклор мен поэзияның халықтық сипаты мен тарихи шындыққа қарама-қарсы тұрғысынан танылды. Тарихи-мәдени мектептің тарихилық принципі әдебиеттің ұлттық және халықтық сипатын ашуды басты мақсат тұтатыны белгілі. Ол тек зерттеушінің ғылыми еңбектерінде ғана көрінуі шарт емес. Орыс әдебиеттану ғылымын зерттеушілер А. Пушкин мен Н. Гогольдің әдебиеттегі ұлттық дүниетаным мен халықтығы мәселесіне қосқан үлесін ерекше көрсетеді. Бұл тұрғыдан алсақ, қазақ мәдениеті мен ғылымына қосқан үлесі зор, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірді жаңа арнада дамытқан Ы. Алтынсариннің орны ерекше.

Ыбырайдың этнографиялық еңбектерінің бағалылығы халықтың көне заманнан келе жатқан әдет-ғұрыптарын бүге-шігесіне дейін қамтып, кеңінен талдауында ғана емес, сонымен бірге кейбір құбылыстардың шығу тегі мен әлеуметтік негіздерін ашып көрсетуінде еді. Ол «Қазақ хрестоматиясына» халық ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрын енгізе отырып, тек жариялаушы емес, зерттеуші ретінде танылды. Себебі фольклорды халықтың ғасырлар бойы жасаған рухани байлығының көзі деп қарағандықтан, жастарды халықтық рухта, халықтық педагогиканың талап-тілегіне сай тәрбиелеудің басты құралы ретінде пайдалануды мақсат тұтты. Оқу құралын құрастыру өте жауапкершілік жүктейтінін, зерттеушілік тұрғыдан келу керек екенін Ы. Алтынсарин терең түсінген. Өзінің Н.И. Ильминскийге жазған бір хатында: «Сіздің тағы бір өтінішіңіз оқу құралын құрастыра алатын бір көмекші тауып бер дегеніңіз еді. Амал не, мен бұл жұмысқа лайық ешкімді атай алмай отырмын. Сіздің қолға алып отырған ісіңіз маңызды іс, мұның ең қиын жері – оқу құралын түзудің жоспарын жасау, сол жоспарға

қарай материал таңдап алуғой. Міне, мұның тап осы жағын, меніңше, жақсылап талқылау керек», деп ғылыми тұрғыда келу керек екенін ескерте келіп, көмекшінің қазақ елін жақсы білетін адам болуы керектігін айтады.

Ғалым Т.Кәкішев хрестоматия құрастырып шығару үлкен міндет жүктейтінін, ол үшін автордың әрі педагог, әрі әдебиетші, әрі сыншы-ғалым болуы қажеттігін айта келіп: «Осы қасиет Ыбырайдың творчестволық тұлғасынан түгел табылады да, талап-талғамы әбден жетілген әдебиетші екенін танытты, әдебиеттану ғылымының алғашқы аңызына құнарлы дән екті... Өзінің төл шығармаларын, ауыз әдебиеті үлгілері мен аудармаларды белгілі бір жүйемен орналастыра білген Ыбырай сыншылдық ой мен оқымыстылықтан кенде емес. Міне, осы қасиеттер «Қазақ хрестоматиясын» әдебиеттану ғылымының сонау XIX ғасырдағы үлкен көрінісі етті», деп ұлы ағартушының мұрасын зерттеушілердің назарынан тыс қалып келген мәселені ғылыми дәйектілікпен тұжырымдайды. Біздің бұл пікірге қосарымыз, Ы. Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» арқылы әдебиеттің қоғамдық мәні туралы ғылыми ұғымды кеңейтті, оның эстетикалық-танымдық орны мен адам тәрбиелеудегі атқарар қызметін анықтап берді. Бұл сол ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікір үшін аз олжа емес еді.

Ы.Алтынсариннің ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінде әдебиеттің тарихилығы принципі де тыс қалмаған. Н.Ильминскийге жазған бір хатында: «Қазір «Қазақ хрестоматиясының» екінші бөлімін құрастырып жатыр едім. Ал кітаптың осы бөлімінің тарих тарауына қазақ тарихынан да мақалалар берілуі керек еді, бірақ оған еш жерден материал таба алмай отырмын. Тіпті Левшин мен Вельяминов-Зерновтың шығармаларын да еш жерден таба алмадым. Сондықтан қазақтар жайында тарихи материалдар Қазаннан табылмас па екен», деп жазады. Амап не, бұл кітабының және басқа да қолжазбалары бізге жетпей жоғалып кетті. Алайда осы пікірінің өзі Ыбырайдың ғылыми-зерттеушілік көзқарасында әдебиетті тарихи тұрғыдан зерттеу әдісінің алғашқы белгілері орын тепкенін дәлелдейді.

Қорыта келгенде, Ы. Алтынсарин мұрасынан ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің сол кездегі өте өзекті саналған ағартушылық, педагогикалық идеялармен үндестік тауып, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу жолында жаңа арнада көрініс тапқанын байқаймыз. Ол өзінің педагогтік, ағартушылық тұлғасымен қоса, фольклорлық мұраны жинау-жариялау саласында филологиялық бағыттың ықпалында қалып қоймай, ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге әдеби мұраның ұлттық, халықтық, тарихилық сипаты туралы ұғымдар енгізді.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының алғашқы бастаулары болып табылатын тарих алдындағы алғышарттарға толы XIX ғасырдың II жартысындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты кемеңгерлердің тұлғасы арқылы осындай ғылыми-танымдық биіктіктерге қол соза бастағанын айтқан уақытта, алғашқы қазақ баспасөзінің сіңірген еңбегінің зор болғанын атап көрсету керек. Шын мәнінде олар ояна бастаған қоғамдық, саяси-әлеуметтік, педагогикалық-ағартушылық, сыншылдық эстетикалық ой-пікірдің орталығы болды. Оқу – білімге, мәдениет пен өнерге, ғылымға деген ұмтылысты күшейтті, әр түрлі дәрежеде білім алған қазақ оқығандары мен ел ішіндегі парасатты ақыл-ой иелерін ұлт мүддесі үшін қызмет жасауына бағыт берді.

Әдебиеттер тізімі

1. **«Алтынсарин Ы. Тағлымы».** Алматы, Жазушы, 1991 ж.
2. **Дербісәлин Ә.** «Ы. Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы». Алматы 1958 ж.
3. **Құбаева И.** «Ыбырай Алтынсарин – шағын әңгіме шебері». «Қазақ тілі мен әдебиеті» №7 – 8, 160 – 161 б.
4. **Жандос Смағұл.** Алтынсарин және ұлттық әдеби мұра. 01 Маусым, 2021. <https://egemen.kz/article/276774-altynsarin-dgane-ulttyq-adebi-mura>
5. **Серік Негимов** Ұлттың ұлы ұстазы. 19.04. 2021 ж. [egemen.kz: https://egemen.kz/article/272103-ulttyh-uly-ustazy](https://egemen.kz/article/272103-ulttyh-uly-ustazy)

ӨОЖ 355.233.231.1

ҰЛТЖАНДЫЛЫҚТЫ ҮЛГІ ЕТКЕН ҰЛЫ ҚЫЗМЕТ

Хамзина Э. Н. – Қазақстан тарихы мен құқық негіздері пәнінің мұғалімі, Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы НЗМ, БҚО, Орал қаласы.

Бұл мақалада туған жеріне қызмет етудің шынайы үлгісін көрсеткен ұлы тұлғаларды келер ұрпаққа өнеге ету жолдары баяндалған. Автор Ыбырай Алтынсарин тұлғасы мен қызметінен туған жерге сүйіспеншілік, қайырымдылық пен адамгершілік қасиеттерін үлгі етуді өз тәжірибесінде қолданғанымен бөліседі. Жаһандану заманында патриотизмнің маңыздылығын айқындайды. Кілт сөздер: тарих, патриотизм, өнеге, туған жер, әдістеме, жаһандану.